



АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№11
(881)

Бейсенбі, 19 наурыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Құрметті айыртаулықтар!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы – көктем мен жаңарудың, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтудың, барша қазақстандықтардың достастығының мерекесі.

Ғасырлар бойы Наурыз бейбітшілікке, жасампаздыққа жол ашады. Осы күндері адамдар бір-біріне кешірімді болып, мейірім мен имандылыққа бет алады. Наурыз мейрамының осы терең мағынасы бүгіндері де өзектілігін жоғалтпайтұғын. Әсіресе биылғы Наурыз мейрамы осы жылдың мерейтойлық оқиғалары: Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы және Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында атап өтілмек.

Ұлыстың ұлы күні бізге көктемдей шуақты көңіл-күй сыйлап, оны баршамыз бірге игі дәстүрге сай атап өтеміз. Біз үшін көп ұлтты мемлекетіміздің халықтарының өзара достығы мен бірлігі алға дамуымыздың кепілі.

Біз барлық қиыншылықтарды еңсеріп, достығымыз бен келісімнің арқасында ортақ үйіміз – Қазақстанды құрдық. Халқымыздың жайлы өмір сүруі үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз.

Елбасы өзінің «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында ел бірлігін біздің барша табыстарымыздың кілті деп атап, бұл қоғамдық құндылықты ең басты назарға алып, баршамызға қорғауды тапсырды. Сондықтан еліміздегі бар ынтымақ-бірлігімізді жоймай, алаңсыз еңбек етіп, тұрақтылық пен достастыққа берік болайық.

Қымбатты жерлестер!

Наурыз мейрамы әр отбасына береке мен қуаныш сыйласын!

Сіздерге бақыт, шаңырақтарыңызға амандық-саулық, барлық істеріңізге сәттілік, мақсатқа қол жеткізуде табандылық тілеймін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Аудандық штаб құрылды



13 наурызда «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалында Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Н.Ә. Назарбаевты қолдау үшін аудандық штаб құрылып, ашық есік күндері өткізілді.

11 наурызда Астанада «Нұр Отан» партиясының XVI Съезі өткені белгілі. Съезде Ұлт көшбасшысы, Мемлекет басшысы, Партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 26 сәуірде өтетін Президент сайлауына үміткер болып бірауыздан сайланды. Сайлауына үміткер болып бірауыздан сайланды. Аудандық филиалында аудандық штабтың құрамына аудан тұрғындарына кеңінен танымал қоғамда жоғары беделі бар 19 адам кірді. Атап айтар болсақ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А. Әбілқайыров, аудандық мәслихаттың хатшысы Р. Тілеубаева, облыстық мәслихаттың депутаты В. Мантариди, Айыртау мектеп-интернатының директоры Е. Қалиев, №1 СОМ директоры М. Тұралинов және т.б.

Жаңадан құрылған қоғамдық штабтың негізгі міндеті – Президенттікке үміткер Н.Ә. Назарбаевқа сайлау науқанында қолдау көрсету, сайлауалды платформасын түсіндіру бойынша насихат жұмыстарын жүргізу.

Электоралды жоспарға сәйкес аудандық штабтың жанында ҚР Президентігіне үміткердің қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істейтін болады, тілек білдірушілер онда өздерін толғандырып жүрген мәселелерін айта алады.

Осы күні «Нұр Отан» АФ кеңсесінде ашық есік күндері өткізіліп, аудандық мәслихаттың депутаттары, қоғам өкілдері, БАҚ шақырылды. Шараға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Ирина БУРКОВСКАЯ.

Жоба аясында

Кәсіпкердің құқығы қорғалуы тиіс

Өткен сенбіде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ғимаратының мәжіліс залында аудан кәсіпкерлері мен прокуратура өкілінің бірлескен отырысы болып өтті. Алқалы жиынға «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Болат Ахметжанов қатысты.

Жиында бірінші болып сөз сөйлеген Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының Айыртау ауданы бойынша аға прокуроры А. Тұранова мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың негізгі түрлерінің бірі тексерістер өткізу болып табылатындығын, алайда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында бақылау және қадағалау органдарымен тексерісті тағайындаудың заңдылығы мен негізділігі тексерілетіндігін, бұзушылықтар анықталған жағдайда тексерістер тағайындамайтындығы жайлы түсіндіріп өтті. Баяндамашы Басқармамен жүзеге асырылып отырған «Бизнес тірегі» жобасына да кеңінен тоқталып өтті. Кәсіпкерлер де өз тарапынан толғандырып жүрген көкейкесті ойларын ортаға салып, толыққанды жауап алды.

Жанат ҚАЖЫБАЙҰЛЫ.

Құрметті Саумалкөл селосының тұрғындары мен қонақтары!

2015 жылдың 22 наурызында сағат 10.00 – де Саумалкөл селосының орталық алаңында Наурыз мейрамы мерекесіне арналған мерекелік шаралар өтеді.

Бағдарламада: аудан әкімінің құттықтауы, халықтық қыдырулар, көркемөнерпаздар концерті, ұлттық спорт ойындары, мерекелік және ауылшаруашылық жәрмеңке.

Баршаңызды мерекеге қатысуға шақырамыз!

Ұйымдастыру комитеті.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



Ұлыстың ұлы күні - Наурызды ежелгі түркілер ең ұлық мереке деп тыңғылықты дайындалып, өте жақсы қарсы алған. Қазақ даласында Кеңес Үкіметі орнамай тұрған кезде Наурыз басты мейрам болып саналып, оған күні бұрын жан-жақты дайындалып, ұлан-асыр той ретінде өткізген.

Өйткені, Наурыз тойы бүкіл шығыс елдерінің, соның ішінде Кіндік Азия мемлекеттерінің аса қастерлеп, асыға күткен күндерінің бірі болған. Оның өзіндік себептері де бар еді. Себебі, Наурыз мерекесі - 22 наурыз күнінде аталып өткен. Бұл - күн мен түннің теңеліп, малдың аузы шөпке, адамның аузы аққа тиген, құт әкелер күн деп есептелінген. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір - қасиеттік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Олардың барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдылыққа, көргенділікке, қайырымдылыққа, ізеттілік пен білімділікке баурай-

ды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіндігі де сондықтан болса керек.

Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралары да баршылық. Наурыз ежелден мәдениеті өте дамыған Парсы елінің «нау» жаңа, «руз» күн, яғни «жаңа күн» деген сөздерінен шыққаны көптен бері мәлім. Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс жасамайды, іссапарға шықпайды, іс тікпейді, құрылыс жүргізбейді. Сонымен қатар бұл күні ешкімді ренжітпейді, өзі де ренжімейді, дауыс көтермейді, әбес сөйлемейді, кір жумайды, тырнақ алмайды, арақ-шарап ішпейді, құрбан шалмайды. Бұл күні барлық даланы Қызыр (Қыдыр) ата аралайды.

Ол күні қожаларға арнайы оқытатын кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын кітапты «Салдама» деп атайды. Наурыз мейрамы, яғни Наурызнамада қыз-жігіттер қосылып «ұйқышар» әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыздарға сақина, сырға, айна, тарак, шолпы, моншақ

сияқты сыйлықтар ұсынады. Оны «селт еткізер» деп атайды. Бұл күні қарттар да назардан тыс қалмайды. Оларға арнап жылы-жұмсақ әзірленіп, ұсынылады. Оны «бел көтерер» дейді. Бұлар наурыздан бір күн бұрын әзірленеді. Бұлардың соңы наурыз көжеге жалғасады.

Наурыз күні әдейі Наурыз жыры айтылады. Онда осы күнге лайықталған мадақ, тілек, бата, әзіл түрлері орын алады.

Сол күні ақсақалдар жастарға наурыз батаны да айтады. Бата Наурызда ұйымдастырушыларға, наурыз көжеге шақырғандарға, тойда өнер көрсеткен ақын, жырау, палуандарға және басқаларына беріледі.

Мейрам күні наурыз жұмбақ жасырылып, наурыз тілектер айтылады. Наурызда туған төлді «наурыз төл» деп атайды. Наурызда жауған қарды «Наурызша» деп атайды.

Наурыз күні адамдар өзгелерден біліп, білмей істеген қателігі, кемшілік, ағаттықтары үшін кешірім сұрайды. Сол адамға кешірім берілуі тиіс.

Қазақтар наурызға қыс бойы сақтаған жылы-жұмсағын осы күні шығарып, үйге келген қонаққа, үйі-ішіне, туыс-бауырға, көрші - көлемге ұсынған. Ең алдымен наурыз көже дайындаған. Содан кейін бауырсақ, май-қаймақ, тары, құрт, ірімшік, тағы сондай ұлттық тағам түрлерін дастарханға қойған. Сол сияқты, ауыл жастары алдын-ала дайындалып, жарапазан жаттап, ауыл-ауылды, үй-үйді аралаған. Әсіресе, олар ауылдағы аузы дуалы қарияларға, ата-әжелерге, көпбалалы отбасыларға барып жақсы тілек айтқан. Ол өлеңдерде өлге тыныштық, халыққа бірлік, береке, ынтымақ тілек етіліп, жаңа жыл жаңа бақыт, табыс әкелгей деген ізгілік ниеттер үйлесімді жеткізілген. Жарапазан айтушыларға әрбір үй құрмет көрсетіп, дәм татқызған. Қолдан келсе, яғни жағдайы тартса үй иелері жарапазаншыларға бауырсақ, құрт, т.б. берген. Жолдарың оң болсын, деп ақ батасын берген.

Салауатты өмір салты

АЛҒЫРЛАР МЕН ЕПТІЛЕР САЙЫСЫ

Өткен аптада №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының базасында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына, Қазақ хандығының 550 жылдығына орайластырылып және саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері арасында аудандық спартакиада болып өтті. Аталмыш шараға аудан орталығындағы мемлекеттік мекемелер мен ауылдық округтерден барлығы 14 команда қатысты.

Спартакиаданың салтанатты ашылуы рәсімінде сөз сөйлеген аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров елімізде спортты насихаттау мақсатында Елбасының алға қойған міндеттерін орындауда ең алдымен мемлекеттік қызметкерлердің алдыңғы қатарларда болу керектігін, спорт әр адамның күнделікті серігіне айналуы қажеттігін айта келіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Спорттың жеті түрінен күш сынасқан мемлекеттік қызметшілер намысты қолдан бермеуге тырысты. Әсіресе, волейбол жарысы өте тартысты өтті. Алайда «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озады» демекші, қарсыластарының ешқайсына дес бермеген аудандық білімі бөлімі мен аудандық мәслихаттың құрама командасы жеңіс тұғырынан көріне білді. Жекелей біріншілікте алғырлық пен шеберлік танытып, өз командаларына қомақты үлес қосқан жеңімпаздарға келер болсақ, олар: дартс атудан ерлер арасында А. Сыздықов (Елецкий а/о), әйелдер арасында Л. Сметанина (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жолаушылар көлігі бөлімі); шаңғы жарысынан А. Базарбаев (білім бөлімі), Е. Семенова (Имантау а/о); дөйбыдан Ж. Жүсіпов (ішкі



саясат бөлімі), Б. Жантілеуова (аудан әкімінің аппараты); шахматтан С. Жақыпов (білім бөлімі), А. Есентай (Володар а/о); үстел теннисінен С. Жақыпов (білім бөлімі), Д. Таңсықбаева (білім бөлімі); пневматикалық қарудан ату Е. Сәдуақасов (Володар а/о), З. Қалдырбаева (білім бөлімі).

Жалпыкомандалық есепте ауданның білім бөлімі 139 ұпаймен жеңімпаз атанса, аудан әкімінің аппараты 102 ұпаймен екінші орынды қанжығаларына байлады. 93 ұпайды бірдей жинаған ауданның қаржы және экономика бөлімі мен аудандық мәслихаттың командалары үшінші орынды бөлісті.


Спартакиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы кубокпен, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жанат СӘБИТОВ.

Әз-Наурызға - ақ тілек!

Тарихи тамыры тереңге бойлаған әз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Ол - өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында бір топ оқырмандарымызға жолығып, мерекелік лебіздерін тыңдаған едік.

Айтмағанбет Дауылбайұлы, Қаратал ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы, еңбек және тыл ардагері



Міне, бірер күнде шығыстың жаңа жылы тойланатын Наурыз мейрамы да келіп жетпек. Бұл сан ғасырлардан бері ұрпақтардың үзілмес жалғастығын сіңірген ежелгі мереке. Наурыз мейрамы Тәуелсіздік жылдарында ұлттық ерекшеліктері мен діни нанымдарына қарамастан барлық қазақстандықтарға бірдей шынайы жалпыхалықтық мерекеге айналды. Осы уақыт ішінде ұлттық құндылықтарымыз орнығып, достық пен өзара түсіністік нығайтылды, ежелгі дәстүрлеріміз жаңғыртылды.

Ақлима Сейітқалиева, «Күміс алқа» иегері, тыл еңбеккері

Тек адамзат қана емес, табиғаттың да жасарып, бой түзейтін шағы – Ұлыстың ұлы күнінің баршамыз үшін жолы да, жөні де белек. «Туған ай – тұраған ет-пен тең», әне-міне дегенше көктемнің саумал самалына ілесіп Наурыз да жетті. Аmandық-саулық, ақ тілек, меймандостық, адалдық, молшылық, жалпы ұлтымызға тән тамаша




Ирина Авксентьева, аудандық Әділет басқармасының басшысы

Арайлап жеткен өз Наурыз мейрамымыз құтты болсын! Бұл күн тіршіліктің дәстүрлі құндылықтар аясында бірігіп, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны. Күннің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа бақ береке, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін. Ақ мол болсын, ақтарылған ақ тілектер оңғарылсын. Қой жылы қазыналы, мерекелі, берекелі жыл болсын. Орта толсын, халқымыз қуанышқа кенелсін, ынтымақ, бірлік ажырамасын. Дендеріңізге саулық, өмірде асқаралы табыстар, игілік, бақыт тілеймін!



Нұрбай Тұрсынбаев, аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бас маман-мал дәрігері



Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі; Наурыз – адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын Шаруа мерекесі; Наурыз – әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жағылып, «Қызыр түнін» күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын Сенім мерекесі; Наурыз – жеті дәмнен Наурызкөже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге отыратын Ынтымақ-бірлік мерекесі; Наурыз – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін Көңіл мерекесі. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған өз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл бақыт және береке сыйласын. Ақ мол жыл ырысты болсын!

Байман Айгүл Саумалкөл қазақ орта мектебінің 11-сынып оқушысы

Жайнасын даламыздың гүлі, нұры. Шырқалсын құстардың да бүгін үні Ағайын көптен күткен мерекеміз, Құтты болсын Ұлыстың ұлы күні! Жүр біреулер наурыздың

әнін жаттап, Жарысуда біреулер әлін мақтап.



Әсемгүл Омарова, «Родничок» балабақшасының тәрбиешісі



Наурыздың тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан - дүниемізді шуаққа бөлейді, ой - ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі. Бұл күні біз өткен жылы жасаған жұмысымызға есеп беріп, келешекке жоспар құрамыз, тәуелсіз еліміздің өркендеп, өсуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз. Наурызда айтылған барлық тілек қабыл болады деген де наным бар. Қазіргі уақытта Наурыз жаңа сипатқа ие болды, ұлтына, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым - қатынастардың нығаюына, әр ұлттың салт - дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен үлесін қосып отыр. Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін. Баршаңызға амандық, саулық, дастархандарыңызға молшылық тілеймін!

Мен жүрмің, ауызымнан әлі кетпес, Әжемнің көжесінің дәмін сақтап. Әрине, бұл-қуаныш қаншамызға, Топталған қанша бала, қанша қызға. Уа, халқым, келіп жеткен

әз Наурызың Құт-береке әкелсін баршамызға! **Мерекелік лебіздерді жазып алған Жанат ҚАЖЫБАЙҰЛЫ.**

Айыртау ауданының сайлау комиссиясы «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 1 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешім қабылданғаны жайлы хабарлайды:

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 9 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 1 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы № 1 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне № 2563 болып тіркелген, «Айыртау таңы», «Айыртауские зори» газеттерінде 2014 жылғы 27 ақпанда жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

Керсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы Қ.С.Қайнетовке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А.ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі

«КЕЛІСІЛДІ»

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы **Е.МЕРҒАСЫМОВ**

2015 жылғы «__» _____

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2015 жылдың 03 наурызында № 3130 болып тіркелген

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 9 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы бойынша сайлау учаскелері

№ 23 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Всеволодовка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Всеволодовка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)51571; Сайлау учаскесінің шекарасы: Всеволодовка ауылы, Прекрасное ауылы.

№ 44 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Арықбалық ауылы, «Арықбалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимараты, телефон 8715(33)41752 (келісім бойынша); Сайлау учаскесінің шекарасы: Арықбалық ауылы Набережная көшесі үйлердің нөмірі № 2, 3, 4, 7, 10, 15, 18, 20, 23, 25, 27, 30, 36, Кузнечная көшесі үйлердің нөмірі № 7, 8, 10, 12, 13, 16, 20, 23, 24, 30, Нагорная көшесі үйлердің нөмірі №1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 14, 17, Сейфуллин, Пролетарская, Песчанная, Степан Разин, 30 лет Победы, Ключевая, Калинин, Мира, Целинная, Дачная, Лесная, Интернациональная, Энтузиастов, Механизаторов көшелері.

№ 45 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Арықбалық ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Арықбалық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)41180; Сайлау учаскесінің шекарасы: Арықбалық ауылы Новая, 40 лет Победы, Юбилейная, Рабочая, Новоселова, Северная, Полёвая, Степная, М. Горький, Орджоникидзе, Куйбышев, Киров, Школьная, Центральная, Конституций, Ворошилов, Озерная көшелері, Набережная көшесі үйлердің нөмірі № 38, 40, 42, 45, 46, 48, 49, 50, 51, 53, 54, 56, 60, 61, 62, 64, 65, 66, 71, 72, 74, Кузнечная көшесі үйлердің нөмірі № 25, 27, 29, 37, 38, 41, 49, Нагорная көшесі үйлердің нөмірі № 19, 20, 21, 24, 26, 27, 29, 34, 36, РАД, АТП, Абай көшелері.

№ 55 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Новосветловка ауылы, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Новосветловка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 8715(33)53241; Сайлау учаскесінің шекарасы: Новосветловка ауылы, Красный Кордон ауылы.

САУДА ӨТЕДІ

«Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Қалиасқаров Н.Н.»ЖК кезегелген негіздемеі бойынша Айыртау ауданының меншігіне (айналымына) түскен мүліктерді сату бойынша 2015 жылғы 31 наурыз күні сағат 12.00-де мына мекен жайда аукцион өткізетінін хабарлайды: СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Әлиханов көшесі 44 үй, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, телефоны 8(71533)2-23-69.

Сауданың голланд әдісі.

1. Карасевка ауылындағы № 1 мал қорасы, аумағы 1424,5 ш.м., жағдайы қанағаттанарлықсыз. Бастапқы бағасы 1 960 000 теңге, төменгі бағасы 930 000 теңге.

2. Карасевка ауылындағы №2 мал қорасы, аумағы 1535,5 ш.м., жағдайы қанағаттанарлықсыз. Бастапқы бағасы 2 111 000 теңге, төменгі бағасы 960 000 теңге. Мүліктер жер телімінсіз сатылады. Сатып алу-сату келісім-шарты өткен соң 3 жұмыс күні ішінде жасалады. Сатып алу-сату келісім-шарты жасалған соң түпкілікті өсеп айырысу 5 банкілік күн ішінде жүргізіледі. Аукционға қатысу өтінімдері осы хабарландыру жарияланған соң Петропавл қаласы, М.Жұмабаев көшесі 109-410, ал 2015 жылғы 31 наурыз күні сағат 10.00-ден бастап 11.00-ге дейін СҚО, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ш.Әлиханов көшесі 44 үй мекен-жайларында қабылданады.

Анықтамалар үшін телефондар: 8 (7152)46-02-57, 8-777-572-29-91. Бастапқы бағаның 5 пайыз мөлшеріндегі көпіндік жарна Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесінің ИИК KZ120705034593251006 шотына аударылады, БСН 050140008087, БСК ККМФК22А, код 12, КНП 171, «ҚР Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитеті» Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті Айыртау ауданының Қазынашылық Басқармасы ММ-нің Банкі.

Наурыз мейрамындағы әдет-ғұрыптар

«Қызыр түні» (Ырыс түні) Наурыздың 21-нен 22-не қараған түні таңның алғашқы сәулесін қарсы алып, Жаңа жылға, жаңа күнге, жаңа таңға сәлем жасау, жаңа нұрға шомылып, жан мен тәнге қуат алу уақыты – «Қызыр түні» деп аталады. Бұл түні адамдар жаратқанға құлшылық жасап, береке-бірлік тілейді, «Қызыр түніне» құрмет көрсетіп, уақытты таң атқанша сән-салтанатпен өткізеді.

«Қос шырақ жағу» Бұл – Қызыр (Қыдыр) атаны құрметтеп күтудің бір рәсімі. Қос шырақ жағады. Оның мәні: Қызыр атаның жолына жарық түсіру, отауды отпен аластау, оны лас қуат пен кірден тазарту, үйдегі құт пен ырысты, жылу мен ошақты қадірлеу белгісі, аруақтарды еске алып, оларға құрмет көрсету.

«Ұйқыашар» Бұл – «Қызыр түні» дайындалатын дәм. Ауыл бойжеткендері өздері ұнататын жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызбен бірге пісіріп, Жаңа жылды өзімен қарсы алғалы отырған гашығына ұсынады.

«Селтеткізер» «Қызыр түні» өздеріне «Ұйқыашар» беріп, ынта-ықыласын білдірген, ұйықтап қалмай Жаңа жылды қарсы алуға көмектескен бойжеткендердің қолақысын қайтару мақсатында бозбалалар оларға алдын-ала әртүрлі сыйлықтарды дайындап қояды. Оны «Ұйқыашардан» соң бойжеткендерге сыйлайды. Мұны «селтеткізер» деп атайды. Осы сыйлықтардың ішінде айна - пәктік пен жастықтың, тарақ - өдемілік пен сұлулықтың, иіссуі – бұршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі болып саналады.

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

КЕРЕЙ ХАН



Болатұлы Керей хан (1456-1473 ж.) – қазақ хандығының негізін қалаушы, Көк Орданың ханы Өрістің (Орыстың) шөбересі.

Шайбани әулетінен шыққан Дәулет – шайхтың баласы Әбілқайыр ханның көк кесене төңірегіндегі шайқаста Үз-Темір Тайшы басқарған ойрат әскерінен ойсырай жеңілуі – Барақ ханнан кейін биліктен айрылған Өріс хан әулеті сұлтандарының бас көтеріп, жеке бөлініп шығуына мүмкіндік туғызады. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдаланған Өріс ханның ұрпақтары – Болатұлы Керей мен Барақұлы Жәнібек өздеріне қарайтын тайпаларды бастап, Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығып, Моғолстан жеріне кетеді. Онда оларды Моғолстан ханы Есенбұға аса құрметпен қабылдап, өз мемлекетінің батыс жағынан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін оларға бөліп береді. Осы арада олар жаңа Қазақ хандығының шаңырағын көтереді. Хан тауында Керейді ақ киізге отырғызып, хан көтереді.

Керей хан немере інісі Жәнібекпен бірге отырып, жас мемлекеттің іргесін бекітіп, шаңырағын биіктету үшін үлкен еңбек сіңіреді. Моғолстан ханымен бірлесіп, ойрат тайпаларына қарсы күреседі.

1468/69 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болып, оның ордасында таққа талас басталады. Осы тақ таласы Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына қайта оралып, мұндағы күреске бел-сеңе араласуларына мүмкіндік береді. Әбілқайырдың ұлы, ханның мирасқоры Шейх-Хайдардың жеңіліп, жақын адамдарымен бірге қырғын табуы – ұлыстағы бар биліктің Керей ханның қолына көшуіне жағдай жасайды. Осы кезден бастап Қазақ хандығы іргелі мемлекетке айналуға бет алды.

1456-жылы Керей хан мен Әз Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоныс аударуы қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға еді. Бұл оқиғаның мән-жайы мынадай болатын 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыды-

рап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілқайыр хандығы мен Ноғай одағы құрылды. Шайбани тұқымынан шыққан Әбілқайыр хан бұрын Орда Ежен ұрпағы билеген Ақ Орда территориясы — Шығыс Дешті-Қыпшаққа 40 жыл (1248-1468) үстемдік етті. XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хандығында толассыз болып отырған қантөгіс соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстар болған сайын үдеп феодалдық езгі мен қанау халық бұқарасын ауыр күйзеліске түсірді.

Аласапыран соғыстар мен феодалдық бытыраңқылық салдарынан Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан мал жайылысын пайдаланудың дағдылы көшіп-қону тәртіптері бұзылды, көшпелі тайпалар мезгілінде жайлау-қыстауларына бара алмайтын болды. Бұл көшпенді мал шаруашылығына ауыр зардабын тигізді. Осындай ауыр тауқымет тартқан халық бейбіт өмірді, Әбілқайырдың үстемдігінен құтылып, өз алдына тіршілік етуді армандады. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих — и — Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шетіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң Әбілқайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465-1466) билей бастады...»

Алғашында қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Міне, нақ осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолданылды, ежелден осы алапты мекендеген қазақтың ұлы жүз тайпалары Дешті-Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етеңе араласып кетті. Әбілқайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан қанжілік болған қазақ халқы бұл араға келіп ес жиып, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілқайыр хан қоластынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып қазақ хандығына келіп жатты. XV ғасырдың 50-жылдарының ортасынан 70-жылдарының басына дейін Әбілқайыр ханның қарамағынан батыс Жетісуға 200 мың адам көшіп барды. 1462-жылы Моғолстан ханы Есенбұға қайтыс болған соң, бұл мемлекетте ішкі феодалдық қырқыс күшейіп, өкіметсіздік жағдайдың өріс алуы, Амасанжы Тайшы бастаған ойрат жоңғарларының жасаған шабуылы салдарынан Моғолстан мемлекетінің шаңырағы шайқалған кезде Жетісуды мекендеген қазақ тайпаларының қазақ хандығына келіп қосылуы үдей түсті. Бұлар жаңадан құрылған Қазақ

хандығының үкімет билігін нығайтып, оның беделі мен әскери, саяси күшеюін арттыра түсті.

Алайда жаңадан құрылған қазақ хандығының экономикалық негізі әлі де әлсіз еді. Бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілқайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай одағының және Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа телі болып отырған болатын. Оның үстіне шығыс Дешті-Қыпшақты билеген Әбілқайыр хан өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып, масайрап отырғандығына, әсіресе Әбілқайыр хандығынан көптеген тайпалардың оған ағылып барып жатқанына азуын басып, қылышын қайрап отырды. Ол жаңа құрылған қазақ хандығын тарпа бас салып жойып жіберуге сұқтанды. Оншақты жыл айналасында батыс Жетісу өңіріне екі жүз мың жан саны бар көшпелі тайпалардың жиналуы кең өріс, қоныс керек етті. Ал көшпелі елдің отырықшы-егіншілігі көркейген аудандармен, әсіресе қолөнері мен саудасы дамыған экономикалық орталық — Сырдария жағалауындағы қалалармен саудасаттық қарым-қатынастарына қолайлы жағдай жасау халық тұрмысындағы маңызды мәселеге айналды. Бұл қарым-қатынастың оңалуына тек көшпелі халықтар ғана емес, отырықшы аймақтардағы егіншілік өнімдерін өткізіп егіс көлігін алуды аңсаған егіншілер де, қолөнер өнімдерін өткізіп шикізат (жүн, тері, т.б.) алуды аңсаған қолөнершілер де, сауда тауарын өткізіп пайда табуға саудагерлер де мүдделі болды.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілқайыр хан еді. Қазақ хандығы Әбілқайырға қарсы күресу үшін ең алдымен Моғолстан мемлекетімен тату көршілік одақ ойрат жоңғарларының тайшасы Амасанжының Моғолстанға шабуыл жасауынан және Әбілқайыр ханның Жетісудағы қазақ хандығына шабуыл жасауынан тізе қоса отырып қорғануды мақсат етті. 1468 жылы қыста Әбілқайыр хан қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, жорық жолында қаза тапты. Әбілқайырдың қаза болуы қазақ хандығының нығаюына және көлемінің кеңеюіне үлкен орай тудырды. Әбілқайыр өлгеннен соң оның елінде қиян-кескі қырқыс басталып, хандық ыдырай бастады. «Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек бұдан он екі жыл бұрын өздері ауып кеткен ата қонысы Дешті-Қыпшаққа қайта оралды.

Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472-1473 жылдары Сырдария жағасындағы қалалар үшін Моғолстан ханы Жүністің ордасына Бұрыш сұлтанның шабуыл жасаған кездерінде айтылады.

Тарихи материалдарда Керей хан 1472-1473 жылдардағы оқиғалардан кейін қайтыс болған деп есептеледі.

Деректер Қазақ совет энциклопедиясынан алынды.

қазақ халқының азаттық жолындағы қасиетті күресінің асыл шежіресі, сол жолда елін бастап, ту көтерген



хандығы туралы шағын деректі фильм көрсетілді.

Ия, төрт ғасыр бойы дәуірлеген Қазақ хандығының тарихында нелер болмады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап» қалың қазақ мамыражай тірлік көшкен дәуірлеу кезеңі де, жау жағадан алғанда, бәрі етекпен тартып кең сахараны бұлт торлап, ер етікпен қан көшкен күйзелген кезеңдер де өтті. Енді бүгінгі ұрпақтың мақсаты, ардақты есімдерді жарқырата паш етіп, ұрпағымыздың ұлттық мақтанышына айналдыру. Ұлы даланың қас перзенті-

бабаларымыздың өшпес есімдері біз үшін қашан да қымбат.

Сөзсіз, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл іс-шараның оқушылар қауымы үшін берері мол. Ұлттың ұлт болып сақталып қалу мәселесі жаһандану заманында аса өзекті болып отырғандығы да шындық. Сондықтан осындай маңызы ерекше іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін.

Қарлыға МУКЕЙ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Айыртаулық Кеңес Одағының Батырлары

Степан ИЛЬИН

1915 жылы Айыртау ауданының Саумалкөл ауылында туған. Майданға алынғаны – 1942 жыл. Ол Орталық майдандағы 99-шы жеке саперлік батальонның бөлімше командирі ретінде көзге түскен сержанттардың бірі. Днепрді кешкенде үш атқыштар взводын оң жағалауға өткізіп, басып алған плацдармды ұстап тұра білді.

С.Ильин соғыс жылдары қаншама ДЗОТ-тар тұрғызды, көпірлер салды, жау миаларын тазартты – бәрін есептеп шығу мүмкін емес. Ол жауынгер ретінде өз ісін адал атқарып, Жеңісті жақындата түсті.

1943 жылғы 15 қазанда ол мінген қайық бірінші болып қарсы жағалауға шықты. Сол кезде басқа қайықтардың бірі бата бастады. Үстіне зеңбірек орнатылған қайықты сым арқанға тіркеген С.Ильин оны жағаға сүйреп шығарды.

Бірде жаудың танкісін жалынға орады. Содан кейінгі қолма-қол ұрыста ол бір фашисті пышақтап өлтірді. Өзінің жараланғанына қарамастан, ұрыс даласын тастаған жоқ.

Міне, осы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

1-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталды.

1993 жылы Ташкент қаласында қайтыс болды. Саумалкөлдегі бір көше оның есімімен аталады



Михаил КИРИЧЕНКО

1923 жылы Айыртау ауданының Лавровка ауылында туған.

1941 жылы Алматы жаяу әскер училищесін бітірді. 1942 жылдың тамызында майданға кірген ол бірінші Белорус майданы, 8-ші гвардиялық армия, 35-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы, 100-ші гвардиялық атқыштар полкінің батальоны сапында ұрыстарға қатысты. Кеңес әскерлері 1944 жылдың 1 тамызында Висла өзенінен өту кезінде жаудың қорғанысын бұзып, Польшадағы Руда-Тарновска мен Вулька-Тарновска елді мекендерін фашистік басқыншылардан босатты. Сол жолғы ерлігі үшін М.Кириченко Үкімет марапатына ұсынылды. Алайда, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы 1991 жылы ғана шықты. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін әскер қатарындағы қызметін жалғастырды. 1945 жылы офицерлік құрамды жетілдіру курсы бітірді.

1955 жылдан бастап Мскеу қаласында тұрды. “Главмосавтотранс” басқармасында аға инженер болып еңбек етті. Кейіннен зейнеткерлікке шықты.

Екі рет Ленин орденімен, екі рет Қызыл Жұлдыз орденімен, медальдармен марапатталды. Харьков облысындағы Изюм қаласының Құрметті азаматы.

1994 жылдың 8 мамырында қайтыс болды.

Аудан орталығындағы көшеге Батыр есімі берілген.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітабы бойынша дайындалды).



Ұлы Жеңіске – 70 жыл!

СОҒЫС ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Сөз құдіретін құрметтейтін халқымыз «Болашақты болжағың келсе – бір сәт өткенге көз сал», – деп ұрпағына үнемі ескертіп отырады. Біле білген жаңға бұл мән-маңызы терең сөз. Өйткені кешегі өткен өміріміз біздің тарихымыз ғана емес, ең басты рухани байлығымыз. Зердесі жоқ

елдің болашағы да бұлыңғыр болады. Демек Зерде мен Парыз ажырамас ұғымдар болғаны ғой. ХХІ ғасыр ұрпақтары Жеңіс үшін жаумен айқасқан аға ұрпаққа да, басын ажалға тігіп, мәңгілікке көз жұмған асыл ағаларымыз бен апаларымыздың рухы алдында да мәңгі қарыздар екенін ешқашан ұмытпайды. Бұл кіші ұрпақтың ұлы ұрпақ алдындағы қасиетті борышы. Жер бетінде Жеңістің орнағанына, міне, 70 жыл – бір азаматтың ғұмыры. Ұлы Жеңіс өлшемін ешқашан да уақытпен өлшенбес. Ең бастысы – Жеңістің Зердемізден алатын орны. Халықтың Зердесі тарихтың кешегісі мен ертеңін жалғап тұратын асыл да сезімтал дүние.

Сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғаны адамзат үшін кеуден сыймайтын, көзге жас толтыратын шексіз қуаныш еді. Мына уақыт керуенінде зымырап бара жатқан заманымыз үшін 70 жылдың өлшемі өте кең ұғым, Жеңіс күнінің тұғыры өте биік, танымдық сипаты өте зор. Қазақ халқы мен Қазақстанды мекендеген ұлттар өкілдерінің басына түскен алапат қиындықтар мен қайғы-қасірет елдің елдің ердің ерлігін танытты. Қаршадай баладан еңбектеген қарияға дейін Отан қорғауға ұмтылды. Кешегі өмірден озған соғыс ардагерінің тура ұрпағы болғандықтан «соғыс», «жеңіс» сөздерінің мән, маңызы мен үшін жай айтылған антоним сөздер емес. Әкеміздің соғыста алған жарақатының зардабын тек әкеміз ғана емес, беріміз де тарттық: мерекелік дастарқан басында балаларымыз көп отыра алмау, соғыстан алған жарақат салдарынан аурухана төсегіне айлап таңылып жату, түн – ұйқыдан айырылу, ұнатқан ұзақ сапарларға шыға алмай, аула ішінде бала-шағаның ортасынан аса алмау – осының бәрін көріп өскен біздердің жүрегіміз «соғыс» сөзінде ауыр салмақ жатқанын сезетініміз. 1945-жылдың 9-мамырындағы «Соғыс бітті! Жеңіс! Жеңіс!» – деп жұрт шаттанып жатқанда майданға кеткен азаматтарын жоғалтқан ақ жаулықты аналар, көктемгі гүлі ашылмаған арулар, бауырлар ... «Тірі жүрсе, бір келер ...» деген үміттерін өле-өлгенше үзбей өтті. Айлар, жылдар тізбегі қарыштап алға жылжыған сайын Ұлы Отан соғысының ардагерлер қатары да сиреуде. Хайыров көшесінде тұратын Николай Владимирович Скворцов атамызбен жүздескенімізге де көп уақыт бола қойған жоқ, қайран ардагер еліміз тойламақ болып отырған Жеңістің 70 жылдық мерейлі тойына жетпестен өмірден озды. Николай Владимирович сияқты Жеңіс күнін өз қолымен сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың алдында басымызды иеміз. Жазушылар жазып кеткен ақындарымыз жырлап берген ұлы ұрпақ ерлігі жаңа ғасыр жеткіншектеріне жер бетіндегі бейбітшілікті сақтап, тәуелсіз Қазақ елінің болашағын мәңгі сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан да:

Соғыстың өрті жанбасың,
Сәбилер жетім қалмасын!
Есігіне әр үйдің, бесігіне әр үйдің
Мәңгілік бақыт орнасын!
Болмасын соғыс, болмасын! – деген Мұқағали ақынның өлең жолдары ардагерлер ұрпағының ұраны болар дер едім.

Зүбайраш СЕЙІТҚАСЫМ,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің орыс тілі мұғалімі.

Кәсіпкерлікке – кең өріс

ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ ҚАМҚОРШЫСЫ



Бүгінде отандық бизнесті қолдауға мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыр. Бизнес өкілдері өздерінің жан-жақты қорғалғанын сезініп, жекеменшік бизнесін дамыту жолында Ұлттық кәсіпкерлер палатасын сенімді тірек деп білуі біз үшін аса маңызды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Кәсіпкерлер палатасы ұлттық бизнесті дамытудың басты әдіскері болуға тиіс-ті. Сонымен қатар, ол Үкіметтің сенімді және білікті серіктесіне, мемлекеттік шешімдерді қабылдау кезінде оның ұжымдық кеңесшісіне айналады» деген болатын. Кәсіпкерлер палатасы өкімшілік кедергілерді азайту, бизнестегі түйінді мәселелерді шешу бағытында көптеген іс-шаралардың басы-қасынан табылуда. Палатада арыз-шағымдар қабылдау үшін онлайн-сервисістер ашылды. Арнайы байланыс қызметі мен республика бойынша бірыңғай телефон нөмірі жұмыс істеп тұр. Оған осы кезге дейін 18 мыңнан астам қоңырау шалынды. 2014 жылы Ұлттық кәсіпкерлер палатасына бизнестің қорғалуы бағытында 4500 шағым келіп түскен, оның 1600-ы орталық аппаратқа, 2900-ы аймақтық палаталарға тиесілі. Әрбір үшінші мәселе бойынша, яғни, 1400 шағым тиісті шешімін тапты. Бізге жолданған арыз-шағымдардың дені жер қатынастарын реттеу, архитектура және құрылысқа жауапты жергілікті атқарушы органдарға (17%), сатып алу мәселелері (12%), салық органдары (5%), көлік мәселелері (4%), сыртқы экономикалық қызмет пен кеден саласы (3%) және сауда қызметіне (3%) қатысты. Жыл ішінде кәсіпкерлерден тәркіленген жалпы құны 12 миллиард теңгені құрайтын мүлік өз иелеріне қайтарылып, оларға салынатын айыппұл мен өсімпұлдар күшін жойды. Сол сияқты, астық жеткізуге қатысты айыппұлдар көлемі 20 пайыздан 10 пайызға қысқарды. Кейбір өңірлерде Кәсіпкерлер палатасының атсалысуымен электр қуатына алдын ала 100 пайыздық төлем жасау талабы өзгертілді. Көптеген кәсіпорындар алдын ала төлемнен үнемделген қаржыны айналым қорын толықтыруға жұмсап, осының арқасында өндіріс көлемін арттырып отыр. Кәсіпорындардың басым көпшілігі несиеге алынған қаражатқа жұмыс істеп отырғанын ескеретін болсақ, бұл шара бизнес өкілдерінің жылына 135,0 миллион теңге үнемдеуіне жағдай жасамақ. Тағы бір нақты мысалға тоқтала кетсек, еліміздегі белгілі тұрмыстық және компьютерлік техника дүкендері (Мечта, Технодом, Alser, LogiCom – ред.) иелерінің ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін WIFI желісі құрылғыларын сатып алу құжаттарын қаржы полициясы тарапынан тәркіленуіне қатысты мәселесі Кәсіпкерлер палатасының араласуымен оңтайлы шешімін тапты. Осылайша қаржы айналымы жылына 180 миллиард теңгені құрап отырған кампаниялар жұмысының тоқтауына жол берілмеді. Осы секілді Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ықпалдасуымен жүзеге асқан жобалар, нақты шешімін тапқан мәселелер баршылық.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес өкілдеріне қаржылық жағынан емес, олардың құқықтарын қорғау және мүдделеріне өкілдік ету, жалпы бағыт-бағдар беру тұрғысынан қолдау көрсететінін ескерген жөн. Мәселен, бытырғы жылы 30 мың дана таралыммен «Шағын кәсіпкерлікке арналған 100 жоба» анықтамалығын шығарып, оны өз ісін жаңадан бастап жатқан жас кәсіпкерлерге әдістемелік құрал ретінде ұсындық. Ол бойынша өңірлерде нақты 300-ден астам жоба жүзеге асырылды. Анықтамалықтың кез-келген адамға қолжетімді екенін ескерте кетейін, оны палатаның ресми сайтынан табуға болады. Сонымен қатар, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен оның өңірлердегі филиалдарының базасында Кәсіпкерлерге қызмет көрсету және Кәсіпкерлерді қолдау орталықтары құрылуда. «Бір терезе» жүйесі бойынша қызмет көрсететін бұл орталықтар бизнес өкілдерінің жұмысын анағұрлым жеңілдетуі тиіс. Олардың жанынан кәсіпкерлікке баулу мектептері ашылып, сондай-ақ, іргелі кәсіпорындарда мастер-класстар ұйымдастырылуда. Қысқасы, «еңбек етем, өз кәсібімді ашып, табыс табам» деген адамға мейлінше қолдау білдіруге әзірміз.

Кәсіпкерлер палатасы 4 мыңға жуық құқықтық нормативтік актіге зерттеу жүргізді. Қазақстан Республикасының заңына өзгеріс енгізу туралы барлығы 630-дан астам ұсыныс жасалды. Бүгінде оның 450-ден астамы мақұлданды. Палата ұсынған 152 өзгеріс 2014 жылдың желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға енгізіліп отыр. Бұл өзгерістер бизнес өкілдеріне қолбайлау болып отырған жайттарды мейлінше азайтып, бірқатар қордаланып қалған түйінді мәселелерді шешуге жол ашты. Атап айтқанда, IV деңгейлі нысандар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға міндетті рұқсат алу талабы жойылды. Бұл әсіресе, ауылдық жерлердегі фермерлік, шаруа қожалықтарына көп жеңілдік болды. Осының арқасында қожалықтардың шығыны 12,4 миллиард теңгеге қысқармақшы. Құрылысқа қатысты бурын жалпыға бірдей міндетті болып келген санитарлық-эпидемиологиялық экспертиза мәселесі де оң шешімін тапты. Сондай-ақ, құрылыс нысанын пайдалануға берудің қымбат әрі ұзақ күттіретін тәртібі

де жеңілдетілді. Енді келесі жылдан бастап, нысанды пайдалануға тапсырыс берушінің өзімен қатар, мердігер мен техникалық қадағалау қызметкерлері қабылдап алатын болды. Елді-мекендерде құрылыс жүргізуге байланысты жер телімін алу тәртібі де оңтайлы жолға қойылды. Бұл арқылы кәсіпкерлердің шығыны шамамен 4 миллиард теңгеге қысқармақ. Сонымен бірге, заңды тұлғалардың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу және қызметін тоқтату туралы тіркеуге ақы алынбайтын болды. Міндетті төлем тәртібін алып тастау арқылы кәсіпкерлер жылына 77,6 миллион теңге үнемдей алады. Сол сияқты, арнайы мөрдін болуын міндеттейтін және құрылтайшылық келісім-шартты нотариалды растау туралы талап та алынып, кәсіпкерлердің шығынын едәуір қысқартпақшы. Тап осы құжаттарды нотариалды растау мәселесі бизнес өкілдеріне көптеген ыңғайсыздықтар мен артық шығындар әкеліп, кәсіпкерліктің дамуына айтарлықтай кедергі болып отырғанын айта кету керек. Кәсіпкерлер палатасы осы кедергілерді мейлінше азайтуға күш салуда. Алдын ала есеп бойынша, құжаттарды нотариалды растау туралы талапты қысқарту арқылы жылына шамамен 25-26 миллиард теңгені үнемдеуге болатыны анықталды. Түптеп келгенде, аталған заңға өзгерістер енгізу арқылы отандық бизнестің өндірістік емес шығындарын азайтуға, өкімшілік органдардан рұқсат алу мерзімін қысқартуға, кәсіпкерлік қызметтің өнімділігін арттыруға және бизнес пен билік өкілдерінің арасындағы жемқорлық деңгейін төмендетуге мүмкіндік жасалып отыр деуге болады. Қазірде әлем жұртшылығы алмағайып кезеңді бастан өткеріп отыр. Кейбір мемлекеттерде тіпті соғыс өрті өршіп, халқы мазасыз күй кешуде. Мұнай бағасы қысқа күнде қырық құбылып тұр. Дамыған алпауыт елдердің өзіне қаржылық дағдарыстың әсері оңай тимесі белгілі. Осындай қысылтаяң тұста Қазақстанның да қам-қарекетсіз жатпағаны анық. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қадағалауымен кәсіпкерлікті өрістетуге жан-жақты мүмкіндіктер жасау, жаңа жұмыс орындарын ашу, отандық өнімді қолдау, білікті мамандар даярлау, халықты бизнес сауаттандыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Бүгінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп отырып, кәсіпорындардың сұранысына сәйкес мамандарды дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша Жол картасын жасап, оны іске асыруда. Жол картасы аймақтар бойынша 11 маңызды саланы, 206 колледж, 83 мамандықты қамтиды. 2014-2016 жылдар аралығында 611 кәсіпорынның тапсырысына сәйкес 10 мыңнан астам маман әзірлеу жоспарлануда. Кәсіптік білім беретін колледждерде көбіне тәжірибеді дәрістерге басымдық беріліп отыр. Дуальды оқыту жүйесі бойынша барлық колледждердің оқу жоспары кәсіпорындар мен Кәсіпкерлер палатасының жергілікті филиалдарымен мақұлданады. Ел бойынша мамандарға деген сұранысты анықтау үшін арнайы зерттеу жүргізіліп, оған 8363 кәсіпорын және 11 салалық ассоциация қатысқан болатын. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, бүгінде кәсіпорындар жылына 70 мың маманды қажет ететіні анықталды. Салалық ассоциациялармен бірлесіп отырып, дуальды оқыту жүйесін дамытуға кедергі тудыратын 16 құқықтық-нормативтік актіге өзгерістер енгізу жобасын әзірледік. Бұл өзгерістер оқу жүйесін кәсіпорындар талабына сай жоспарлауға мүмкіндік беретін болады. Жұртшылықты кәсіби мамандандыру бағытында арнайы оқу орталықтарын көптеп ашу жұмысы жүйелі жүргізілуде. Қазірдің өзінде еліміз бойынша 13 оқу орталығы жұмыс істеп тұр. Өңірлерде 6 студенттік бизнес-инкубатор құрылды, 6 аймақта орта мектептерде, колледждерде 21 кәсіби мамандандыру кабинеттері жұмыс істеуде. Мектептерде жоғары сынып оқушыларына арналған «Кәсіпкерлік негіздері» қосымша курстарының бағдарламасы әзірленді. 10 кәсіпорынмен 11 колледжді өз бақылауына алу туралы арнайы келісім-шарт жасалды. Бұл тәжірибені алдағы уақытта басқа да өндіріс орындары мен кәсіптік-техникалық білім беру орындарына енгізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді экономикалық жағынан ынталандыруға негізделген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұжырымдамасы дайындалды. Бұл тұжырымдамада салықтық жеңілдіктер, жауапты мемлекеттік сатып алулар, әлеуметтік маңызды инвестициялау мәселелері қамтылған. Сайып келгенде, бүгінгідей қиын-қыстау тұстан кемеізді теңсептпей, барымыздан шашау шығармай алып шығу әрқайсымыздың борышымыз деп білемін. Қазақстанның бүгінгі әлеуеті кез-келген экономикалық түйіткілді шешуге қауқарлы. Дегенмен, табиғи байлыққа иек артып, арқаны кеңге салып отыра беруге есте болмайды. Біз өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан елес болып қалған, масылдыққа апаратын тұтынушылық қоғамнан арғылып, жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруды мақсат еттік. Елбасы өзінің жыл сайынғы Халыққа жолдауларында осы мәселені үнемі назарда ұстап келеді. Жаңа ғасырда, жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілеудің негізгі шешуші факторы еңбек болмақ. Және тек тынымсыз еңбектің арқасында біз қандай да бір қаржылық қиындықты жеңіп, ел экономикасын өрге сүйрей алатынымыз анық.

Нұржан ӘЛТАЕВ,
Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлер
палатасы басқарма төрағасының орынбасары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Умар КЗ» ЖШС-і барлық қызығушылық танытқан тұлғаларға 2015 жылдың 16 сәуірінде сағат 11.00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылында орналасқан «Умар КЗ» ЖШС-нің көмір түсіру базасында «Табиғатты қорғау шараларының жоспары» бойынша қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

m.alnazarova@ecoex.kz –нда іс-шаралар жоспарымен танысып, өз ескертпелеріңіз бен ұсыныстарыңызды жіберулеріңізге болады.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі телефон бойынша ақпарат алуға болады: 8(727-2) 48-50-31.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы №58 қаулысы

Айыртау ауданының аумағында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды ұсыну туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 4,6-тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1 қосымшаға сәйкес Айыртау ауданының аумағында Қазақстан Республикасының Президенттігіне барлық кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп анықталсын.
- 2 қосымшаға сәйкес Айыртау ауданында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайлар шарттық негізде ұсынылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. ТАСТЕМИРОВ, аудан әкімі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы **Е. МЕРҒАСЫМОВ.**
2015 жылғы «__» наурыз

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне
2015 жылғы 11 наурызда № 3149 тіркелген.

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 58 қаулысына 1 қосымша
Айыртау ауданының аумағында Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№ р/с	Елді мекендердің атауы	Ақпараттық стандарттарды орналастыру орындары
1	Антоновка селосы	Антоновка селолық округі Пошта ғимаратының жанында
2	Арықбалық селосы	Арықбалық селолық округі Арықбалық селосының сауда орталығы жанында
3	Саумалкөл селосы	Володар селолық округі «Балалар әлемі» дүкені ғимаратының жанында, Достық және М.Янко көшелерінің бұрышында (келісім бойынша)
4	Гусаковка селосы	Гусаковка селолық округі Демалыс орталығы ғимаратының жанында Елецкий селолық округі
5	Елецкое селосы	«Настенька» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
6	Имантау селосы	Имантау селолық округі «Березка» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
7	Казанка селосы	Казанка селолық округі «Достық-Дән» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің №3 өндірістік учаскесі өкімшілік ғимаратының жанында (келісім бойынша)
8	Карасевка селосы	Қамсақты селолық округі «Қантай» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
9	Қаратал селосы	Қаратал селолық округі Қаратал автоматтандырылған телефон станциясы ғимаратының жанында (келісім бойынша)
10	Константиновка селосы	Константиновка селолық округі «Константиновка-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының жанында (келісім бойынша)
11	Лобаново селосы	Лобанов селолық округі «Оксана» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
12	Нижний Борлық селосы	Нижнеборлық селолық округі «Балдырған» балабақшасы ғимаратының жанында
13	Сырымбет селосы	Сырымбет селолық округі «Замир» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
14	Кирилловка селосы	Украин селолық округі «Нұрхан» дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 58 қаулысына 2 қосымша
Айыртау ауданында Қазақстан Республикасы Президенттігіне сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар

№ р/с	Елді мекендердің атауы	Кездесу үшін үй-жайлар
1	Антоновка селосы	Антоновка селолық округі Антоновка орта мектебінің мәжіліс залы
2	Арықбалық селосы	Арықбалық селолық округі Арықбалық орта мектебінің мәжіліс залы
3	Саумалкөл селосы	Володар селолық округі Саумалкөл қазақ орта мектебінің 2 қабаттағы холлы
4	Гусаковка селосы	Гусаковка селолық округі Гусаковка орта мектебінің мәжіліс залы
5	Елецкое селосы	Елецкий селолық округі Елецкое орта мектебінің 2 қабаттағы холлы
6	Имантау селосы	Имантау селолық округі Имантау орта мектебінің мәжіліс залы
7	Казанка селосы	Казанка селолық округі Казанка орта мектебінің 2 қабаттағы холлы
8	Карасевка селосы	Қамсақты селолық округі Карасевка орта мектебінің 2 қабаттағы холлы
9	Қаратал селосы	Қаратал селолық округі Қаратал орта мектебінің 2 қабаттағы холлы
10	Константиновка селосы	Константиновка селолық округі Константиновка орта мектебінің мәжіліс залы
11	Лобаново селосы	Лобанов селолық округі Лобанов орта мектебінің мәжіліс залы
12	Нижний Борлық селосы	Нижнеборлық селолық округі Нижнеборлық орта мектебінің мәжіліс залы
13	Сырымбет селосы	Сырымбет селолық округі Сырымбет орта мектебінің мәжіліс залы
14	Кирилловка селосы	Украин селолық округі Кирилловка орта мектебінің мәжіліс залы

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 23 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 «Мен қашанғы жүйрігің...»
8:00 «Өнер қырандары» 10:00 «Апта. Kz» 11:05 «Наурыз құтты болсын!» 11:10 «Қазақ халық ертегілері» 11:40 «Шын жүректен!» Концерт 12:55 «АҚСАУЫТ» 13:25 «Наурыз құтты болсын!» 13:30 «БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕНІҢ ЖЕР ҰЙЫҒЫ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Наурыз құтты болсын!» 18:00 «Жаужүрек мың бала» 20:25 «Наурыз құтты болсын!» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «АСЫЛ АНА» 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Дала думан» 1:30 «Көкпар» 2:15 «Шын жүректен!» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Әсем әуен» 8:00 «Ду-думан» 9:10 «Аймақтар алааманы» 10:00 «Жеті күн» 11:00 М/с «Маша и медведь» 11:15 М/с «Белка и стрелка» 11:30 «Магия кухни» 12:00 Кино «По семейным обстоятельствам» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Наурыз - көктем» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Мың күй» концерт 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Мың күй» концерті 17:45 «Қызық times» 18:00 Новости 18:15 «Қызық times» 19:00 «ТВ Бинго» 19:15 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Мерекелік жоба «Наурыздағы хикая» 21:00 Новости 21:30 «Құстармен сырласу» 23:30 Кино «Принцесса Монако» 1:15 Кино «Мұстафа Шоқай»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:45 Т/с «ДЖЕНТЛЬМЕН» 8:15 «101 КЕҢЕС» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 Кино «ЗВЕЗДЫ СВЕТАЯТ ВСЕМ» 11:05 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 11:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 12:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 12:50 «101 КЕҢЕС» 13:20 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:50 «П@УТИНА+» 14:45 «ЛЕГЕНДЫ «РЕТРО FM» 16:50 Кино «ЕСЛИ ТЫ НЕ СО МНОЙ» 21:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОРЛОВА И АЛЕКСАНДРОВ» 1:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х

СЕЙСЕНБІ, 24 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Айтуға оңай...» 10:50 «Наурыз құтты болсын!» 10:55 «Айгөлек» Концерт 12:25 «Қазақ халық ертегілері» 12:40 «Наурыз құтты болсын!» 12:45 «SPORT.KZ» 13:10 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 13:20 «Елім, елім-ай!» 14:15 «Наурыз құтты болсын!» 14:20 «Баламен бетпе-бет» 14:40 «Қазақ халық ертегілері» 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Наурыз-думан» 17:00 «Замана бұлбұлдары» 17:25 «Наурыз құтты болсын!» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Наурыз құтты болсын!» 17:55 «Қазақстан би өлемі» 18:10 «Айгүл - күйге бар әлем там-санады» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 0:45 «Қазақстан би өлемі» 1:05 «Дала думан» 2:00 «Замана бұлбұлдары» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Айтуғар» 7:50 Әсем әуен 8:20 «Ас арқау» 8:40 «Арнайы хабар» 9:10 Кино «Берегись автомобиля» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Кино «Берегись автомобиля» 11:00 Новости 11:15 М/с «Маша и медведь» 11:30 М/с «Белка и стрелка» 11:45 «Магия кухни» 12:15 «Аймақтар алааманы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Қазақ аруы-2015» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:45 «Туран» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Туран» 17:30 «Декоративно-прикладное искусство казахов» 18:00 Новости 18:15 Кино «Осторожно, королева!» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Кино «Осторожно, королева!» 21:00 Новости 21:30 «Махаббат аралы» 23:30 Кино «Шаг вперед 3» 1:20 Кино «Кешіккен махаббат» 2:40 Қорытынды жаңалықтар 3:10 Новости

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 7:00 Т/с «ДЖЕНТЛЬМЕН» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 Кино «НЕ ПОКИДАЙ МЕНЯ, ЛЮБОВЬ» 11:05 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 11:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 12:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 12:50 «101 КЕҢЕС» 13:20 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:50 «П@УТИНА+» 14:45 «ВСЕ НАЧИНАЕТСЯ С ЛЮБВИ» Концерт 16:50 Т/с «НЕДОТРОГА» 21:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОРЛОВА И АЛЕКСАНДРОВ» 1:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х

СӘРСЕНБІ, 25 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:50 «Айтуға

оңай...» 11:35 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:50 «Поэзия өлемі» 13:15 «Наурыз-думан» Концерт 14:35 «Қазақ халық ертегілері» 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «КЕЛІН» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Әзіл өлемі» 19:10 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТЕУ» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзежжарды» 0:55 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 1:30 «Поэзия өлемі» 1:55 «Ұлт мақтанышы» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Айтуғар» 7:50 «Елім бар-да» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Мишки Гамми» 11:00 Новости 11:10 М/с «Маша и медведь» 11:30 М/с «Белка и стрелка» 11:45 «Магия кухни» 12:15 «Арнайы хабар» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Тамшылар» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:45 М/ф «Атлантида Возвращение Майло-2» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Декоративно-прикладное искусство казахов» 18:00 Новости 18:15 «Қазақстан, алға!» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мен көрген соғыс» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Кино «Риддик» 0:00 Кино «Семетри калашыгы» 1:00 Қорытынды жаңалықтар 1:30 Новости 2:00 «Әр үйдің сыры басқа» 2:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 7:00 Т/с «ДЖЕНТЛЬМЕН» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 Кино «ЕСЛИ ЛЮБИШЬ, ТО ПРОСТИ» 11:10 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» 11:50 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 12:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 12:50 «101 КЕҢЕС» 13:20 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 13:50 «П@УТИНА+» 14:45 «СТАРЫЕ ПЕСНИ О ГЛАВНОМ» 16:50 Т/с «ЗАМОК НА ПЕСКЕ» 21:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 23:55 Т/с «ОРЛОВА И АЛЕКСАНДРОВ» 1:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:00 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х

БЕЙСЕНБІ, 26 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:50 «Агробизнес» 13:15 «Журналистик зерттеу» 13:40 «Сіз не дейсіз?» 14:10 «Жан жылуы» 14:35 «Қазақ халық ертегілері» 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 18:40 «Поэзия өлемі» 19:10 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «СЫРҒАЛЫМ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзежжарды» 0:55 «Ұлт мақтанышы» 1:25 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:00 «Ғасырлар үні» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Айтуғар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Мишки Гамми» 10:30 М/с «Маша и медведь» 10:45 М/с «Белка и стрелка» 11:00 Новости 11:15 Әр үйдің сыры басқа 11:45 «Магия кухни» 12:15 М/с «Фархат» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Долгий путь домой» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Әр үйдің сыры басқа» 16:30 М/с «Фархат» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Моя история войны» 20:45 «Жерұйық» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Т/с «След» 23:00 «Біздің үй» 23:45 Қорытынды жаңалықтар 0:15 Новости 0:45 «Әр үйдің сыры басқа» 1:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА+» 14:50 «112» 15:00 Т/с «ДОКТОР СМЕРТЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:45 Кино «ВРЕМЯ СОБИРАТЬ» 18:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» 23:55 «ОРЛОВА И АЛЕКСАНДРОВ» 2:05 «П@УТИНА» 2:25 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

3:10 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» ЖҰМА, 27 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Сырғалым» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Жедел жәрдем» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 13:20 «Көкпар» 14:05 «Жарқын бейне» 14:35 «Қазақ халық ертегілері» 14:45 «Баламен бетпе-бет» 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «МЕНИҚ ҚАЗАҚСТАНЫМ» 18:40 «Ғасырлар үні» 19:10 «ИМАН АЙНА-СЫ» 19:35 «Жедел жәрдем» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзежжарды» 0:55 Кино «Сардар» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Айтуғар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 М/с «Мишки Гамми» 10:30 М/с «Маша и медведь» 10:45 М/с «Белка и стрелка» 11:00 Новости 11:15 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:15 Т/с «Дворец Абдин» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Долгий путь домой» 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 15:45 «Әр үйдің сыры басқа» 16:15 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 17:40 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Сильные духом» 21:00 Новости 21:30 «Жеті өн» 22:40 Кино «Пляж» 0:40 Қорытынды жаңалықтар 1:10 Новости

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 12:55 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «П@УТИНА+» 14:50 «112» 15:00 Т/с «ДОКТОР СМЕРТЬ» 16:40 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 17:45 Кино «ВРЕМЯ СОБИРАТЬ» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «НОВОСТИ В 20:00» 20:40 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 23:20 «П@УТИНА» 23:45 «ТАҢЦУИ!» 2:20 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:45 «П@УТИНА» 3:05 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:45 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 4:30 «Контрольная закупка»

СЕНБІ, 28 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:40 «Агробизнес» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАН» 10:05 «ДАУА» 10:40 «Ас болсын!» 11:25 «Әзіл өлемі» 13:10 «ПОЭЗИЯ ӨЛЕМІ» 13:40 «Ғұстаз» Т/х 15:35 МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ «ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ - 2015» 20:20 ЖАҢАЛЫҚТАР 20:40 ФУТБОЛ «ЕУРО-2016» ІРІКТЕУ ТУРНИРІ ҚАЗАҚСТАН - ИСЛАНДИЯ 22:55 «ЖАЙДАРМАН» 0:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 1:00 Кино «Шерлок» 2:30 «Ғасырлар үні» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 «Қалжың қоржыны» 8:30 М/с «Кішкентай рыцарь Тренк» 10:00 «Продолжение» 10:20 М/ф «Шурши лапки» 11:55 Кино «Приключения Бейли: потерянный ценнок» 13:25 «Орталық Хабар» 14:25 «Жеті өн» 15:55 Концерт 17:45 «Тур де Хабар» 18:15 Кино «Препод» 20:00 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Авиатор» 0:50 Кино «Кашпак болсаң - зымыра!» 2:50 «Тентек періште» Т/х

ЕВРАЗИЯ

6:00 Т/с «ДЖЕНТЛЬМЕН» 7:30 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 8:00 «ТАҒЫ ПОШТА» 8:30 «П@УТИНА» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Новости 9:10 «СМАК» 9:45 Кино «ЛЮБИТ НЕ ЛЮБИТ» 11:35 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 «101 КЕҢЕС» 13:25 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 14:00 «П@УТИНА+» 14:45 «КТО ХОЧЕТ СТАТЬ МИЛЛИОНЕРОМ?» 15:50 Кино «ТЫ ЗАПЛАТИШЬ ЗА ВСЕ» 20:00 «НОВОСТИ В СУББОТУ» 20:30 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Второй сезон 21:30 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 22:50 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:10 «ТІЛШІ ТҮЙІНІ» 23:35 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:55 Т/с «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» «НАДОЕЛО БОЯТЬСЯ» 1:55 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:20 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 3:05 «101 КЕҢЕС» 3:25 «ДЖЕНТЛЬМЕН»

ЖЕКСЕНБІ, 29 НАУРЫЗ ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 9:00 «БҮГІН ЖЕКСЕНБІ» 10:30 «КАПИТАН ҚОҢИҚАЗ» М/ф 11:20 «АҚСАУЫТ» 11:50 «Шарайна» 12:20 «Ұлттық шоу» 13:45 «КЕЛБЕТ» 14:15 «Ғұстаз» Т/х 16:10 «БАЛАМЕН БЕТПЕ-БЕТ» 16:30 «Әли мен Ая» М/ф 16:50 «АЙДЫНЫ ШАЛҚАР АҚҚУМЫН» 18:30 «Әзіл өлемі» 20:00 «АПТА.КЗ» 21:00 «Сағындырған әндер-ай!» 23:20 «АЛАН» 0:10 Кино «Шерлок» 1:40 «КӨКПАР»

Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ШАРАЛАР



Мемлекет дамуының басты негізі – халықтар арасындағы бірлік пен келісім, толеранттылық өзара сенім. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы қауымдастығы біздің де тәуелсіз елімізде құрылған болатын.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өз алдына мақсаттар қоя отырып, қойған мақсаттарын абыройлы атқаруда. Оны біз бүгінгі таңдағы еліміздің экономикасының қарыштап дамуы мен елдегі саяси тұрақтылықтан және Қазақстанда мекен ететін барлық ұлыстар мен ұлттардың бір кісідей жұмылып, оны Әлемнің дамыған зайырлы мемлекеттері қатарына қосуға деген ұмтылыстарынан байқаймыз.

Әр ұлттың ана тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтауға, ары қарай өркендетуге толықтай мүмкіндік берілген. Барлық этностар Ата Заң негізінде білім алып, еңбек етіп, әр түрлі салаларда табыстарға қол жеткізу үшін жағдай жасалыпқан.

Біздің Бірлестік орта мектебінде таза қазақ ұлт өкілдерінің балалары білім алып, тәрбиеленуде. Дегенмен де мұнда білім мен тәрбие алып жатқан біздің балаларымыз өзге ұлт өкілдерінің салтын, дәстүрін, тілін, дінін мектепте өткізілетін түрлі іс-шараларда зерттеп, үйренеді. Оларды дөріптеп, қастерлейтінін істерінен-ақ байқап, көріп отырамыз. Мектепте үнемі түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Солардың бірі - ерекше ықыласпен атайтын Қазақстан халқы Ассамблеясына - 20 жыл толуы.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы Бірлестік орта мектебінде де сынып жетекшілерінің өткізген тәрбие сағаттарынан бастау алды. Сабақтарға қатысып, терең ой түйді. Игі істің бастамасы мектеп директоры Әнуарбек Кенжеболатұлының мерекелік құттықтау сөзімен ашылды. Тарих пәнінің мұғалімі А. Қайыржанованың «Қазақстан халқы Ассамблеясы тарихына» жасаған баяндамасы барлық жеткіншектер жүрегінен терең орын алды. Одан әрі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сандуғаш Ергалиқызы басшылық жасап, музыка жетекшісі Гүлнар Тастыбайқызы, балалар ұйымының жетекшісі Аяулы Жандарбекқызының ұйымдастыруымен «Достық фестивалі» өтті.

Іс-шара әр ұлт өкілдерінің әдет-ғұрпын, салтын, тілін дөріптейтін түрлі істерге бағытталды. Біздер, ата-аналар, осы іс-шара барысында достық пен татулықтың құндылығын ұғына түстік.

Жеткіншекке тағылым болар осындай шаралар көп болғай.

Гүлшаш ДҮЙСЕНОВА,
ата-аналар комитетінің төрайымы.
Бірлестік ауылы.



Наурызға тілек

Армысыздар, қадірменді халқым менің,
Салтымен ата-бабам болған жарқын.
Ұлыстың ұлы күні «Наурыз» тойын,
Бірігіп сіздермен қарсы аламын.
«Наурыз» сөзі білдіреді,
Күн мен Түн теңеледі,
Теңеседі.
Табият ақ көрпесін ашып тастап,
Қырдан гүл, самал өсем жел еседі.
Қыдыр бабам аралап жер жаранды,
Шуағымен жібітер мал мен жанды,
Қой қоздап, түйе боздап, қорада шу,

Қиқулап аққу ұшып, қаздар қонды.
Адамдар артқа тастап өкпе, назын,
Кешірер туыс-туған, бауырларын.
Жаңа киім киісіп, төс қағысып,
Саулық тілеп береді ақ батасын.
Тілерім баршаңызға аман саулық,
Мол бақыт, отбасына зор денсаулық.
Тілегі барша жұрттың қабыл болып,
Ырыс пен бақыт келіп қона берсін!
Зейнегүл ҚАЗБЕКОВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і азаматтарды жеке мәселелері бойынша кабылдау кестесі

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Мұқашев Жәніс Ботабайұлы** әр аптаның сәрсенбі күндері сағат 14.30-дан 17.30-ға дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Украин ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8(71533) 24-182 сенім телефоны** қызмет етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сарыөзек ауылының бұрынғы тұрғындарына Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына 20

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	19/03 БС	20/03 ЖМ	21/03 СН	22/03 ЖК	23/03 ДС	24/03 СС	25/03 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+2 -5	+2 -6	+2 -6	+4 -5	+3 -2	-4 -7	-3 -11
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		742	740	737	729	728	735	740
Желдің бағыты		Б	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	С	О-Б
Желдің шапшаңдығы		2	4	5	2	3	3	5

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ата-ана ләбізі

БІЛІКТІ ҰСТАЗҒА – МЫҢ АЛҒЫС

Мейірім нұрын шашқан ұстазға қандай құрмет берсе де, артықтық етпейтіні рас. Өйткені ол – талай мың сан тағдырлардың талабын ұштап, болашаққа қанат қақтыратын жан. Саумалкөл селосындағы қазақ орта мектебінің білікті де ұлағатты ұстаздарының бірі Зүбайраш Тұрсынбайқызы Сейітқасым – осындай ізгі адамдардың қатарынан десек артық айтпаймыз.

Біздің қызымыз – Ғалия Жетпісбаева – шалғайдағы Жұмысшы ауылынан осы мектепке келгенде, алғаш құшақ жайып қарсы алған жан осы ұстаз болды. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Зүбайраш Тұрсынбайқызы қызымызға сынып жетекшісі болғанын естіп, қуанып қалдық. Әрине, мұғалімнің әр баланы өз баласындай бауырына басып тәрбие нәрін сусындатуы әр ата-ана үшін қуаныш екені анық. Бұл орайда қызымыздың сынып жетекшісінің өз ісінің нағыз шебер маманы екенін бірден байқадық. Әр ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын Зүбайраш Тұрсынбайқызы қызымыз Ғалияны жатсынбай, оның сыныппен етене араласып, әрі қоғамдық істерге белсене араласуына зор ықпал етті. Өнегесі мол, өресі биік, өне бойы тың идеяларға толы ұстаздың арқасында



басқа ортаға түскен қызымыз жаңа сыныбына тез-ақ бейімделіп кетті.

Қиын сәттерде әркез қастарынан табылып, білімі мен бар ынта-жігерін балалардың бақытына арнаған бұл ұстазға ата-аналық алғысымыз шексіз. Тәрбие басы тал бесіктен десек, сол білім кемесінің бөсігін тербеткен аяулы ұстаз әрқашан шәкірт жүрегінен орын алмақ. Бұл – ұстаздың да мерейі. Талай бала-

пан түлекті қанаттандырып қияға самғатқан бұл ұстаздың алдынан енді біздің Ғалиямыз да үлкен өмір баспалдағына қадам баспақ. Әрқашан ізгілік шуағын шашып тұратын Зүбайраш Тұрсынбайқызына әрқашан тек еңбегіңіздің жемісін көріңіз деген ақжарма тілегіміз бар.

Раушан ОРАЗАЛИНА,
Ғалияның анасы.
Жұмысшы ауылы.

Отбасы тәрбиесі

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ

«Адам - елдің басты байлығы»
Н.Ә.Назарбаев.

Жан-жақты жетілген, білімді, саналы азаматтар қалыптасқан қоғамның болашағы зор. Ал, болашақтың иесі – бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан да өскелең ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беру керек. Осы орайда тұлғаны патриотизмге, адамгершілікке, мәдениеттілікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу қажет.

«Бала тәрбиесі бесіктен бастау алады» - деп, дана халқымыз тегін айтпаған. Тәрбие отбасынан басталып, мектепте жалғасын табады. Әсіресе, отбасы тәрбиесінің жүйелілігі ерекше рөл атқарады. Әр ата-ана өзінің мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен, сөйлеген сөзімен, адами қарым-қатынасымен балаға үлгі болуы тиіс. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген халқымыздың қанатты сөзі бар. Біздің халқымыз жас ұрпақты тәрбиелеудің қарапайым түрін шебер пайдаланған. Әжелеріміз баланы батырлыққа, өсемдікке, жомарттыққа, мейірімділікке толы мәні зор ертегілер айтып ұйықтатқан. Мұның өзі баланың құлағына жақсы істерді сіңіру. Бала мұның барлығын есіне сақтап қалады да, адамгершіліктен аспайтын,

жамандыққа баспайтын, елін-жерін сүйетін азамат болып шығады.

Ұрпақ тәрбиесі- күрделі іс. Баланың қалыптасып, дұрыс азамат болуына өскен ортаның да тигізер ықпалы зор. Осы орайда оқушыларды тәжірибесі мол көпті көрген қарттармен, тыл және еңбек, ауған соғысының ардагерлерімен олардың өмір мектебінен сабақ алуға баулу мақсатында кездесулер өткізіп отырамыз. Олардың көрген-білгендері, өмір жолдары бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болады. Жан-жақты тәрбие алған ұл мен қыз еліне, халқына адал қызмет етпесіне кім кепіл? Бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, оларды заманына лайық азамат етіп шығару сіздер мен біздердің абыройлы борышымыз, құрметті ата-аналар! Ұрпақтарымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар, елін-жерін сүйетін ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық дамудың негізін келешек ұрпақ тәрбиесіне бағыттайық.

Сандұғаш НАУШИНА,
Бірлестік ОМ-і директорының
тәрбие жөніндегі орынбасары.

Мектеп өмірінен

ӨНЕГЕ – ОТБАСЫНАН

«Отан отбасынан басталады» деген сөзге ешкімнің таласы жоқ. Отбасында адам бойындағы ізгі қасиеттер адалдық, мейірімділік, бауырмалдық, сүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Елбасымыз өзінің Жолдауларында жаңау тақырыбына көп көңіл бөлуде. Өйткені толық, салауатты отбасында өскен ұрпақ-Қазақстанның болашағы. Білім беру мекемелеріне енгізілген «Өзін-өзі тану» пәні жас ұрпақты жақсылыққа, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде. Соның бір дәлелі ретінде Целинный орта мектебінде «Өзін-өзі тану» пәнінен онкүндік өтті. Онкүндік «Өзін-өзі тану» пәнінің авторы, «Бөбек» қайырымдылық қорының төрайымы Сара Алпысқызы Назарбаеваның

туған күнімен тұспа-тұс келеді. Онкүндік барысын салтанатты жиналысты мектебіміздің басшысы Қонысбай Ысқақов өзінің жүрежарды ләбізімен ашты. Мектебімізде «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері Н.Буменова, Б.Сауырбаева ашық сабақтар өткізіп, оқушыларға отбасы мен оның адами тұлға болып қалыптасуындағы рөлі айтылды. Музыка және сурет пәнінің мұғалімі Г.Тәшенова 1-6 сыныптар арасында «Ән - көңілдің ажары» атты ән фестивалі мен «Ана, Отбасы» тақырыбында сурет байқауын өткізіп, оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. Суреттер байқауы бойынша мынадай оқушылар жетістіктерге жетіп, мақтау қағаздарымен марапатталды: I орын Қуанышбай Диярға, Қуанышбай

Ділназ. II орын Орал Жанбөбек, Бурлева Надежда. III орын Прокопеч Алена, Қожахметова Арайлым.

«Тілім - менің тірегім» дегендей тіл мамандары қазақ және орыс тілдерінің мұғалімдері: С.Ысқақова, Д.Қожабаева, Б.Сауырбаева, Г.Қалиевалардың бастамасымен «Алтын жүрек анамыз» атты оқулар байқауында оқушылар отбасы, ана тақырыбында өлеңдер оқыды. «Шебердің қолы алтын» демекші технология пәнінің мұғалімдері Е.Қожахметов, К.Әлиевтердің басшылығымен колөнер бұйымдары көрмесі өткізілді. Менің ойымша «Өзін-өзі тану» пәні қазіргі таңда өте қажетті пәндердің бірі. Жас ұрпақ болашағы мемлекетіміздің басты байлығы. Сондықтан бұл пәннің жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы өте зор деп білемін.

Бибігүл САУЫРБАЕВА,
Целинный ОМ-нің өзін-өзі тану
пәнінің мұғалімі.

Ұлымар Наурыз жайында

*Күн мен түн теңелетін,
Самарқанның көк тасы
жібитін, «көгіне күнін
өрлетіп, ешкі мен қойын
төлдетіп, қаймақ пен сүтін
көлдетіп» келетін*

22 наурыз – Шығыс халқында жыл басы. Бұл жөнінде ұлылардан қалған ұлағатты сөздер көп.

«Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен».



Абай.

«Наурыз» парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күнінің аты – Ұлыс. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар», - деген ескі мақал

Шәкәрім.

«Наурыз – қазақша жыл басы. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнәттен қолы шешіліп, алты ай қыс баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп, демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерісінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз – Наурыз туып, ата-ғұрпымызды ұмытпай белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді».

Ахмет Байтұрсынұлы.

«Жалпы мұсылманжұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз. Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеміз, марттың ескіше 9-да, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп шаруа көнеледі. Қыс бойы ақ көбінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды, жансыздың тірлігі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды.

Міржақып Дулатов.

«Әр халықтың өзінше Жаңа жылы, жыл басы болады. Азияда Жаңа жыл – жазғытұрым, қазақ елінде – Наурыздың жиырма екісі. Жаңа жыл күні қазақ күн райына қарай алдағы жазды рақатты, рақатсыз болады деп болжау жасайды. Қар тез кете ме, жаз жылдам бола ма деп болжам жасайды. Қазақтың Жаңа жылы – жазғытұры күн мен түннің теңелген күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл ретте қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да барып кіріп қалады».

Мағжан Жұмабаев.

Жыр отауы

Әйел – Ана

Әйел – ана, әйел – ару,
қызғалдақ,
Барша қауым еспеттейді
жыр арнап.
Әйел – ана өмір шамын жағатын,
Жүретұғын бала жүгіп арқалап.
Әйел – ана тербетіп сәби бесігің
Табанының астынан ашқан
жұмақ есігің.
Ынтымақты бейбіт күнді жақтаумен
Түсіністікпен жүреді жасап көшірім.
Әйел – ана. Ол Фариза апайым,
Тастап кеткен артына жыр сарайын.
Мұқағали мұң шалған Фаризаны,
Елімнің бір тұлғасы деп санаймын
Меншүк пен Әлиялар туған дара,
Боратқан Отаны үшін оқты жауға.
Қос қызғалдақ қағарымның
қажарманы,
Әр қазақ батырларын сақтар ойда.
Әйел – ана, Бірлестіктен
Медина апай,

Ұшырған ұшақтарды жауға талай.
Атақты Кожедубтың қол астында,
Соғысқан фашистермен
жан аямай.
Әйел – ана, мұғалім де, бапкер де,
Жүргізуші паровозда, таксиде.
Дәрігер, ұшқыш, әнші, биші,
спортшы,
Аспазшы да дәм дайындар ас үйде.
Өсіп келеді қызыл гүлдер
жауқазың
Сүйетұғын Отанымының әр тасын
Дүниежүзілік сайыстарда
жеңіспен,
Желбіретер Қазақстан байрағын.
Әйел – ана сөгіз қырлы, бір сырлы,
Шуағымен жылытатын әр үйді.
Мөлдір көзі қыз баланы, ананы,
Құрметтейік, уа халайық, әйелді!
Нұржәмила ӘЛІБЕКОВА,
ақын
Карасевка ауылы.

Қоғам және заң

Пробация қызметі

Қоғамнан оқшауламай жазаға тартылған сотталғандар жағынан қылмыс, әкімшілік бұзушылық, қоғам тәртібін бұзу жасауларының алдын – алу, ескерту және анықтау мақсатында, 2015 жылғы 16 наурыздан бастап 2015 жылғы 20 наурызға дейін, Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жедел алдын алу «Бақылау» шарасы өткізіледі. Жедел алдын алу шарасын өткізу кезінде Айыртау ауданының пробация қызметінің қызметкерлері сотталғандардың жұмыс және оқу орындары бойынша тексеру, сонымен қатар іздеуге жарияланған сотталғандардың жасырыну орындарын анықтау мақсатында рейдтік іс-шараларды жүргізеді. Пробациялық қызметінің есебінде тұратын сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі. Қоғамнан оқшауламай сотталғандарды түзелу жолына қою мақсатында Айыртау аудандық пробация қызметінің қызметкерлері ескерту, алдын алу және тәрбиелеу жұмыстарын күшейтілген түрде әрқашан өткізіп отырады.

Салтанат ЖАНАХМЕТОВА,
№2 пробация қызметінің инспекторы,
әділет аға лейтенанты.

Аудандық «Айыртау таңы» газетінің ұжымы ардагер-журналист Тайлақ Наушаұлы Жалмұрзеновке жеңгесі

Қымбат Қабиқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Жанат СӘБИТОВ
Теруші Барқыт КОКЕНОВА
Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.